

- мемлекет республиканың барлық субъектілеріне қолжетімді Жер кадастрын енгізуі тиіс;
- мемлекет жердің сапасын тексеру мақсатында жүйелі бақылау (мониторингтің) Кадастрын жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке меншіктегі жерлер мен жер учаскелерін бөлу арқылы әкімшілік аудандарда егіс алқаптарын пайдалану балансын жасау;
- жер айналымының барлық операцияларын жүргізу үшін арнайы Республикалық жер банкі құру.

Ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, ауыл тұрғындарымен ауыл шаруашылығы алқаптарын және, ең бастысы, жерге жеке меншікті дамыту мәселелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- 2 Жусипова Б.А. Қазақстан Республикасындағы жер реформалары мәселелері: тарихи құқықтық аспектілері және даму тенденциясы. Автореферат: заң ғыл. канд. дисс. – Астана, 2010. – 27 б.
- 3 Жусипова Б.А. Қазақстанда жерге орналастыру заңнамасының қалыптасу және даму кезеңдері (XVIII-XIX ғғ.) // Қазақ ҰУ хабаршысы. – 2009. Эл. ресурс // <https://articlekz.com/kk/article/17175>
- 4 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400_#z0
- 5 «Жер реформасы туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ КСР Заңы // Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. – 1991.- № 28. - 384-құжат.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Мырзалиева Ж.Т., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушы
Жамау Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің 3 курс студенті*

Агроөнеркәсіптік кешені елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін, сондай-ақ ауылдық аумақтардың еңбек және қоныстанушылық әлеуетін қалыптастыратын экономиканың маңызды секторының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін әрі қарай дамыту үшін жақсы перспективаларға ие: майлы, етті секторлардың экспорттық позициясы күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан қысқа мерзімде әлемдегі ірі экспорттаушы елдердің қатарына кірді. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі мүмкіндіктер ашады және сонымен бірге ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілікке жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты, АӨК-ні мемлекеттік реттеудің рөлі аса маңызды.

ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы[1] Мемлекет басшысының 2016 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына, "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында белгіленген Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық мақсаттарына және "Қазақстан-2050" стратегиясына сәйкес әзірленген.

Н.Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – “100 нақты қадам”» жоспарының 60-қадамы: Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту. Негізгі міндет: үш жыл мерзімде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспорттың қамтамасыз ету. Жұмыс селода кооперативтік өндірісті дамыту арқылы жаңазеландиялық Fronterra және даниялық Arla үлгісімен ұйымдастырылды. Сонымен қатар 61-қадамы: Ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту. Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау [2].

Ұсақ ауылшаруашылық құрылымдарының өндірілетін өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін өз бетімен шешу, инновациялар енгізу, халықтың денсаулығы үшін қауіпсіз тамақ өнімдерін жеткізу және жоғары білікті мамандардың қызметтерін пайдалану мүмкіндіктері жоқ. Еліміз бойынша инвестициялардың жалпы көлеміндегі ауылшаруашылығының үлесі 2,3 пайыздан аспайды. Бұл саладағы мұндай жағдайдың себебі – олардың қызмет нәтижесіне әсер ететін ұсақ тауарлық өндіріс. Шаруа (фермер) қожалықтарының басым бөлігі тиімсіз жұмыс істейді.

Қалыптасқан тәжірибені негізге ала отырып, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту «ұсақ тауарлылық» мәселесін шешудің негізгі бір жолы болып есептеледі. Ауылшаруашылық кооперативтерін құру ұсынысы төменнен ауылшаруашылық тауар өндірушілерінен ерікті түрде шығу керек.

Шағын шаруа қожалықтарының төмен кіріс деңгейі ауылдағы бизнесті бастауға кедергі келтіреді. Көптеген шағын шаруашылықтарға мемлекеттік қолдау түрлері, яғни субсидиялау, жеңілдікті несиелеу қолжетімсіз болып отыр. Себебі жеңілдікті алу үшін қойылған талаптарды шағын қожалықтар орындай алмайды. Кепілге қоятын мүлкі жоқ немесе төлем қабілетін дәлелдейтін дәйегі жоқ.

Осы мәселелерді шешу үшін 2015 жылы 29-қазанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [3]. Сонымен қатар тәуелсіздік кезеңінде тоғыз бағдарламалық құжат әзірленді, олардың негізінде АӨК саласындағы мемлекеттік саясат іске асырылды: 1991 - 1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған "Ауыл" әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы, АӨК-ні дамытудың 1993 - 1995 және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамалық бағдарламасы, Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000 - 2002 жылдарға арналған бағдарламасы, 2003 - 2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы, Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, АӨК-ні тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР АӨК-сін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы, АӨК-ні дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама және ҚР АӨК-сін дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы [1].

Агроөнеркәсіптік кешенін индустрияландыру мақсатында мемлекеттің іс-қимылы еліміздің алдында өткір күйінде тұрған екі негізгі міндетті шешуге бағдарланып отыр. Оның біріншісі – азық - түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл міндетті жүзеге асыру шеңберінде агроөнеркәсіптік сектордың дамуына қолдау көрсететін тиімді жұмыс істейтін жүйе құрылды. Бұл бір жағынан осы сектордың ағымдағы жұмысын, оның ішіндегі көктемгі егісті және жиын-терінді қаржыландыруды, екінші жағынан, ауылшаруашылығын және қайта өңдейтін өндірісті дамытуға инвестиция шоғырландыруды қамтамасыз етеді. Сондықтан егін шаруашылығында саланы әртараптандыруға, ылғалды ресурстарды сақтайтын технологияларды қолдана отырып саланы кеңінен химияландыруға екіпін салынуда. Бұл ретте субсидиялаудың идеологиясы өзгертілді, бұл идеология ауылшаруашылық тауарын өндірушілерді жаңа технологияға көшуге ынталандыруға бағытталған. Майлы және жеміс-көкөніс дақылдары өндірісінің көлемін ұлғайтуға ерекше назар аударылуда. Мұндағы мақсат – осы өнім түрлері бойынша импорт көлемін азайту.

Ал мал шаруашылығында орта және ірі тауарлы фермаларды құру арқылы өндірісті ірілендіру, кең ауқымды селекциялық бағдарламаны іске асыру есебінен ауылшаруашылығындағы малдың барлық түрінің генетикалық әлеуетін арттыру басты басымдық болып табылады. Мал шаруашылығын үдету процессін ынталандыру мақсатында құрама жемнің құнын субсидиялау бағдарламасы да жалғастырылып жатыр.

Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында саланы техникалық және технологиялық тұрғыдан жаңарту, өндіріске сапаның халықаралық стандарттарын енгізу және соның негізінде ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын сақтап әрі нығайтып қана қоймай, сонымен бірге отандық тауарларды сыртқы нарыққа шығару басты бағдар ретінде қалып отыр.

Екінші міндет – экспортқа бағдарланған өндірісті дамыту және экспортты әртараптандыру. Бұл міндетті шешу аясында басты назар инвестициялық жобаларды іске асыруға жұмылдырылған. Бұл бағытта мал бордақылайтын инфрақұрылымы дамыған алаңдардың мал соятын орындардың құрылысын салуға, биязы жүнді қой шаруашылығын дамытуға, сояны және жүгеріні өндіру мен қайта өңдеуге, астықты терең өңдеуге, балық шаруашылығын дамытуға, балық және жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдейтін саланы өркендетуге айрықша көңіл бөлінетін болады.

Шикізат базасының сапасын көтеру жөніндегі шаралар үш бағытта іске асырылуда. Біріншісі – «ҚазАгро» холдингі арқылы іске асырылатын и инвестициялық жобалар есебінен қазіргі замандағы технологияларға негізделген жаңа өндірістік қуаттағы сүт кешендерін және мал бордақылайтын алаңдарды салу. Екіншіден – бұл қолданыстағы шаруашылықтардың қуатын қарқындату, сол сияқты ұсақ тауар өндірушілерді кооперациялау есебінен өндірісті үдету. Үшіншісі – бұл малдың генетикалық әлеуетін дамыту [1; 295].

Тамақ өнімдерінің анағұрлым сұранысқа ие түрлеріне баса назар аударып отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің

экспортын дамыту мақсатында бәсекеге қабілетті өнімді бастапқы қайта өңдеу, сақтау мен өткізу үшін қолайлы жағдай және инфрақұрылым жасау жолымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдаумен барынша қамтуды қамтамасыз ету қажет.

Дамыған елдерде аграрлық кооперацияны құру көрсеткіші 140 %-ға (АҚШ - 100%, Франция - 100%, Испания - 120%, Нидерланды - 140 % - ЭЫЖҚ және азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының мәліметі) жетеді. Біздің еліміз де өз көрсеткіштерін дамыған мемлекеттердің көрсеткішіне жеткізуі тиіс.

"Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы ҚР Заңының 2-бабының 7 тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперациясы дегеніміз – ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) жүйесі. Ал осы баптың 1 тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастығы (одағы) дегеніміз – өз мүшелерінің қызметін үйлестіруді және олардың ортақ мүліктік және өзге де мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылатын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті түрде бірігуі болып табылады. Осы заңның 5-бабына сәйкес, ауыл шаруашылығы кооперативі - ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруде, қайта өңдеуде, өткізуде, сақтауда, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауда, кредиттеуде, сумен қамтамасыз етуде немесе кооперативтің мүшелеріне, сондай-ақ кооперативтің қауымдасқан мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсетуде олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірлескен өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаларды ерікті түрде біріктіру жолымен мүшелік негізінде құрылатын өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады [3].

Екі топқа бөлінетін ауыл шаруашылық кооперативтерін дамыту ұсынылады. Біріншісі - ауылдағы өндірістік кооперативтері, бұл деңгейлес интеграция, мұнда жерді, мүлікті бірлестіріп, шаруалар жұмыс істеп, заманауи техника мен технологияны қолдана отырып, ауыл шаруашылық өнімін өндіреді. Ал екінші топ - ауыл шаруашылық өнімін өндіретін, қайта өңдейтін, мал соятын, оны өткізетін, қамтамасыз ететін, сақтайтын ауылдағы қызмет көрсету кооперативтері.

«Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы» заң жобасында заңды және жеке тұлғалардың өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанында ауыл шаруашылық кооперативтерін құруды қарастырып отыр. Құжатқа пайданы бөлу мүмкіндігі, ревизиялық одақтардың (қауымдастықтардың) кооперативтерге тексеріс жүргізу мүмкіндігі және аталған қызметтердің шығындарын субсидиялау. Бұдан басқа шектеусіз барлық аграрлық кооперативтер үшін арнайы салық режимін қолдану ұсынылып отыр.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңына сәйкес, еліміздің ішкі нарығында ауылшаруашылық өнімдерін өндіру көлемін арттыруға жағдай жасайтын ауылшаруашылық кооперативтер жүйесін құру, ірі тауарлы өндірісті ұйымдастыру, ауылда қосымша жұмыс орнын құру және табыс деңгейін көтеру жолымен әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында ауылдық тауар өндірушілердің экономикалық әлеуетін, бәсекелестік қабілетін арттыратын болады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жұмысын жандандыру мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар жеңілдіктер қарастырылуда. Мәселен, мал бордақылау мен егін шаруашылығымен айналысатын кооперативтерге субсидиялар төленеді. Сондай-ақ, салықтық жеңілдіктер қолдануға, жеңілдікті несиелер мен ұзақмерзімді несиелерді пайдалануға, мемлекеттік көмек қаржыларды алуға, шығындарды өтеуге, лизингіге техника алуға, мүлікті кепілге салу үдерісін қарапайымдатуға, т.б. процедураларды іске асыруға қол жеткізіледі. Осылайша, ұсақ шаруашылықтар бірігіп, мемлекеттен қолдау алуға зор мүмкіндік беріліп отыр [5; 1].

Сонымен қатар, қазіргі қалыптасып отырған саяси-экономикалық жағдайға байланысты Елбасының талабы – халықты жұмыспен қамту мәселесі. Ірі өндірістік кооперативтерге бірлестіріп арнаулы кәсіптерін тұрақты табыс көзіне айналдыру арқылы жұмыссыздық мәселесі шешіледі. Соның арқасында ауыл шаруашылығында өнім көлемін ұлғайтып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Әлемдік тәжірибе ауылшаруашылық кооперативтерінің үлес салмағы көп елдерде олардың жоғары тиімділігін растағанына қарамастан, әзірге, еліміздің азық-түлік қорын қалыптастыруда ауылшаруашылық кооперациясының әлеуетті мүмкіндіктері әлі нашар пайдаланылып келеді. Бұл ретте ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары елдің аграрлық секторында жоғары экономикалық нәтижелерді және үстем жағдайды иеленуде [6;1].

Жаңадан құрылып жатқан ауылшаруашылық кооперативтерінің саны артып келеді. Бұл сөзге мысал ретінде 2017 жылы 1 сәуірден 30 желтоқсанға дейін Қарағанды облысында 37 ауыл шаруашылық кооперативін құру жоспарланғандығын, соның ішінде 17-сі іске қосылдығын келтіруге болады. Бүгінге дейін елімізде құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны 800-ден асты. Олардың ішінде сүт қабылдайтын, ет өнімдерін әзірлейтін, көкөніс пен жеміс-жидек өсіретін, бал арасын әзірлейтін, сонымен қатар түйе және құс шаруалықтары бар. Байқағанымыздай, ұжымдастыру бағдарламасының ауқымы кеңейген.

Ауылшаруашылық кооперациясы ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі секторды да қысқартуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылық кооперациясын дамыту өзіндік қосалқы шаруашылықтарды, шаруа және фермер шаруашылықтарын және заңды тұлғаларды аграрлы кооперативке біріктіріп, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің кооперативтер арқылы сауда желілерімен ынтымақтасулары үшін негіз жасауға қол жеткізеді.

Шағын шаруа қожалықтарының ірі ауылшаруашылық кооперативіне бірігуі жер ресурстарын тиімді пайдалануға, ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің яғни кооператив мүшелерінің пайдасын үстемелей түсуге, бәсекелестік қабілетін арттыруға, делдалдарды азайтуға сеп болады.

Қорыта келгенде экспорттың жалпы көлеміндегі және агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құнындағы ауылшаруашылығы өнімінің үлесін ұлғайту және қосымша жұмыс орындарын көбейту мақсатында министрлік жеделдегілген индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламада шаралар қарастырылатын болады. Мұндай шаралар еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын сақтауға, саланың экспорттық басымдылығын ұлғайтуға және ауыл халқының әл-ауқатын өсіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000420>

2. Назарбаев Н. Ұлт Жоспары – “100 нақты қадам” // <http://kazgazeta.kz/?p=30112>

3. Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000372>

4. Өзенбаева, А. Т. Ауылшаруашылық өнімін өндіруді ұйымдастырудың құқықтық аспектілері // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. = Вестник КазНУ. Сер. юридическая. - 2015. - №2. - С. 290-296.

5. ҚР АШМ: Жаңа заңнама ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономика мәселесін шешу арқылы саланы дамытуға мүмкіндік береді inform.kz халықаралық ақпарат агенттігі белсенді сілтемені пайдаланыңыз // http://www.inform.kz/kz/kr-ashm-zhana-zannama-auyl-sharuashylygyndagy-kolenkeli-ekonomika-maselesin-sheshu-arkyly-salany-damytuga-mumkindik-beredi_a2695524

6. Кенжетай Ақсейтов «Новая Зеландия и Дания стали примерами для казахстанских молочных кооперативов» https://bnews.kz/ru/dialog/interview/novaya_zelandiya_i_daniya_stali_primerami_dlya_kazahstanskih_molochnih_kooperativov__video

БРАЧНЫЙ ДОГОВОР КАК СПОСОБ ЗАЩИТЫ ИМУЩЕСТВЕННЫХ ПРАВ СУБЪЕКТОВ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ

*Залимбаева И.В., м.ю.н., преподаватель кафедры гражданского и трудового права
КарГУ имени академика Е.А. Букетова*

Современное общество не могло бы существовать без упорядоченной структуры, которая должным образом обеспечивает прочность и в то же время гибкость этой системы. Общая территория позволяет объединяться людям в государство, общие интересы - в партии, движения и т. д. Но каждое из таких объединений позволяет реализовать лишь часть человеческой индивидуальности, да и то, лишь на небольшой промежуток времени. Сочетать противоречивость человеческой индивидуальности и общественных интересов позволяет семья. Только внутри нормальной, полноценной семьи и с ее помощью человек входит в сложный круг общественных отношений, становится гражданином, входит в социальную среду. Крепкие родственные связи, как никакой